Родился в 1923 г. В поселке Данилякуль Бурлинского района Западно-Казахстанской области и жил там до войны. На фронт ушел в марте 1942 г. С 4 марта 1942г. По апрель 1942г.-г. Сакмара Оренбургской обл. 59 Запасной стрелковый полк. С мая 1942 г. по апрель 1943 г. 321 стрелковый полк 15 стрелковая дивизия 13 армии. С апреля 1943 г. По июль 1943г. г. Курск центральный фронт курсант военно-политического училища. С июля 1943 г. По декабрь 1944 г. Город Чарджоу САВО курсант третьего Харьковского танкового училища, с января 1945 г. По март 1945 г. Нижний – Тагил второй Запасной танковый полк командир танка Т-34. С марта 1945г. по сентябрь 1945г. Третий Прибалтийский фронт десятый гвардейский Краснознаменный ордена Суворова танковый полк второй Механизированной дивизии. В армии служил до 30 сентября 1946 г. Имеет все юбилейные медали и орден Красной Звезды. Член КПСС с 1945 г. После войны работал в райисполкоме до 1950 года. С сентября 1950 г.работал учителем истории в селе Арал-тал ,затем в Пугачевской СШ. В 1963 г. Окончил Уральский пединститут. Общий стаж работы 42 г., учительский стаж 35 лет. С 1961 по 1965год Бисембай Бакесович работал директором Бумакольской СШ. Практически вся педагогическая деятельность учителя связана с Пугачевской школой. Уйдя на заслуженный отдых с 1980 г. Бисембай Байкесович возглавляет Совет ветеранов Пугачевского совхоза. На пенсию ушел в 1983 году.

Бузинов Леонид Михайлович



Ветеран Великой Отечественной войны Бузинов Леонид Михайлович много лет работал преподавателем математики и черчения в Пугачевской школе Бурлинского района Западно-Казахстанской области. Скромный, но требовательный к себе и учащимся, он пользовался большим уважением как у учеников, так и у родителей, жителей села. Его уважали в педагогическом коллективе Пугачевской школы. Леонид Михайлович давал учащимся хорошие знания. В 1974 году ушел на заслуженный отдых.

ЖАҢАҚАЛА АУДАНЫ

Бекмашов Неғымет Бекмашұлы (1919 жылы туған)



Бекмашов Неғымет Бекмашұлы 1919 жылы 20 наурызда Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңажол ауылында дүниеге келген.

1935-1937 жылдары Орал қаласында “Рабфакта” оқып, тарихшы мамандығын алып шығады. Ақтөбе облысының Шалқар ауданына жолдамамен мұғалімдікке жіберіледі.

1938 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылады да, 6 айдан соң ауылдық жердің мұғалімі ретінде, жеңілдік бұйрығына сәйкесті, Қызыл Армия қатарынан запастағы кіші командирлер санатына есепке қойылып, туған ауылы Жаңажолдағы жетіжылдық мектепте тарих пәнінің мұғаліміне жіберіліп, 1938-1941 жылдары тарих пәнінің мұғалімі, оқу-ісінің меңгерушісі жұмыстарын атқарады.

1941 жылы ҰОС басталған алғашқы күннен бастап Қызыл Армия қатарына шақырылып, рота саяси жетекшісі ретінде жасақталған составта Киев майданы бағытындағы ұрыстарға қатысады. II дәрежелі Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталған.

1943 жылдың күзінде ауыр жараланып, 1944 жылдың тамызында I топтағы ҰОС-ның мүгедегі ретінде елге оралды.

Қарабасов Сүлеймен (1923-1980)



Қарабасов Сүлеймен 1923 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының Ұялы ауылдық кеңесі жерінде дүниеге келген. Еңбек жолын бастауыш мектептің мұғалімі болып бастаған.

1942 жылы армия қатарына алынып, ротаның саяси жетекшісі, кіші лейтенант шенінде Калинин, I-ІҮ Украин майдандарының ұрыс далаларында жаумен бетпе-бет соғысқа қатынасқан. Бірнеше рет жарақат алса да, емделіп қайта сапқа қосылып отырған. Соғыстан кейін мектеп мұғалімі, Жаңақала аудандық партия комитетінің жауапты қызметтерін атқарды. Бірнеше медальдарымен марапатталған.

Оразғалиев Утеғали (1918 жылы туған)



Оразғалиев Утеғали 1918 жылы Батыс Қазақстан облысы “Новый путь” колхозында дүниеге келген. 1939 жылы Фин соғысына қатысқан.

1940 жылдан бастап “Новый путь” бастауыш мектебінде дене шынықтыру пәнінен сабақ берді. Мұғалім болып жұмыс істеген кездерінде ауыл азаматарын атты әскери жаттығуларына үйреткен.

1941 жылы майданға алынған. “Аға лейтенант” Курск түбіндегі шайқастан оралмаған.

Қадралиев Закария (1922 жылы туған)



Қадралиев Закария Ғабитұлы 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының №16 ұялы ауылсоветінде дүниеге келді. 1930-1940 жылдары Жаңақала селосындағы Киров атындағы орта мектепте оқып, 10 класс бітірді. 1941 жылдан бастап Жаңақала ауданының ұялы Факей, Куйбышев, Толыбай, Жуалыой сегізжылдық мектептерінде директор болып, 1991 жылға дейін 50 жыл бойы жұмыс істеген. 1991 жылдан бастап пенсияға шықты.

Ұлы Отан соғысында болып, II-топтағы мүгедек болып келді. Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерімен, 17 медальдарымен марапатталды.

Жаңақала ауданының мына мектептерінде директор болып қызмет атқарды.

1941-1947 жылдары №16 ауылындағы ұялы мектебінде;

1947-1952 жылдары №8 ауылсоветінде Куйбышев 7 жылдық мектебінде;

1952-1960 жылдары №6 ауылсоветінде Толыбай 7 жылдық мектебінде;

1960-1974 жылдары №8 ауылсоветінде Жуалыой 8 жылдық мектебінде;

1974-1991 жылдары Факеево 8 жылдық мектебінде директор болып жұмыс жасады.

Факеево селосында 1974 жылы Абай атындағы сегізжылдық мектебін салдырып, сол мектепте 17 жыл бойы мектеп директоры болып еңбек етті.

Губашев Есмак (1920 жылы туған)



1920 жылы 3 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданына қарасты Теңдік ауыл советінде дүниеге келеген. 1942 жылы армия қатарына шақырылып, сол жақтан Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1947 жылы елге оралып, 1948 жылы Фурман ауданы Жұлдыз колхозының Қызылақырап деген жерінде мұғалімдік қызмет атқарған.

1950 жылдары Орал педагогикалық институтының тіл әдебиет факультетін сырттай оқып бітірген. 1950-1956 жылдары Жаңақала ауданы Пятимар орта мектебінде мұғалім, 1956-1974 жылдар аралығында Борық елді мекенінде мектеп директоры, 1974-1986 жылға дейін Аққұс бөлімшесінде қазақ тілі және әдебиет пәнінен мұғалім болып ұзақ жыл қызмет атқарған. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты.

Ардагер ұстаз еңбек жолында «Ұлы Отан Соғысының» 20,30,40,50 жылдық мерекелік медалдарымен, 1985жылы «Ұлы отан Соғысының екінші дәрежелі» орденімен, 1988 жылы «СССР Қарулы күштерінің 70 жылдығы», 1997 жылы Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков медалдарымен, бірнеше аудандық, облыстық мақтау грамоталарымен марапатталған.

ЖӘНІБЕК АУДАНЫ

Атошев Ғайнош Досалы (1919 жылы туған)



Атошев Ғайнош Досалы 1919 жылы шілде айында Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Жетібай ауылында дүниеге келген.

1934 жылы ауылдық мектептің 5 класын бітіріп, сол жылы Орал қаласындағы жер суландыру – құрылыс техникумына түсіп, оның II курсын бітіргеннен кейін Алматының педагогикалық техникумына түсіп оқып, денсаулығына байланысты оны бітірмей ауылға оралды.

1937–1939 жылдары ауылдық жердегі бастауыш мектептерде оқытушылық (физика пәні мұғалімі) жұмыс атқарған.

1938 жылы күзде Қызыл Армия қатарына алынып, алғаш Беларусь, кейін Балтық жағалауы республикаларында армиялық міндетті борышты өтеуде болды.

1941 жылы 22 маусымда соғыс басталғанда Батыс майданда 126 а/д 550 атқыштар полкының құрамында болып, жаумен қарсыласқан. Жауға қарсы кеудесін оққа төсеген жауынгерлердің біріндей болған оның ерлігі- елге мұра, ұрпаққа- ұран боларлықтай.

Бүгінгі ұлан - байтақ кең даласын жаудан сақтау үшін, ұрпағы жалтақтамай өмір сүру үшін өз өмірін күреске арнады. Ол елін азат ету үшін аянбай ерлік істер көрсетіп, қиындыққа қарсы тұра білді.

Ұлы Отан соғысы тарихында ізі қалған атаның сімі ерекше құрметпен аталады. Сол бір аспан мен жер күңіреніп, отқа оранған сұрапыл жылдарда қайтпас қайсарлықтың, ерен ерлік пен өрлік, өжеттіктің өшпес өнегесін көрсетіп, сол тұстағы алып ерді жерлестері мақтан тұтады.

1.2. БАСТАН ӨТКЕРГЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

1940 жылы Беларуссия жеріне 126 – атқыштар дивизиясының 550 полкінің I ротасының минаметшілер бөліміне орналастырылды.

1940 жылы шілде айында олардың дивизиясы Латвия бағытында соғысса, 1941 жылдың мамыр айында Литва территориясында жаумен шайқасты.

1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталғанда дивизия батыс майдан құрамында Латвияның Каунас қаласы маңында тұтқиылдан шабуыл жасаған немес армиясымен кескілескен ұрысқа түсті. Армия үшін

алғашқы шабуыл сәтсіздіктерге толы болғандықтан қол басшының бұйрығымен одан әрі уақытша шегіне соғысуға тура келді.

1942 жылдың шілде айынан бастап Оңтүстік, Сталинград, Дон және Брянск майдандарында 57 және 64/7 гвардиялық/армиялардың құрамында болған 169 атқыштар дивизиясының 434 полкының 120 м/м миномет расчетының командирлік міндетін атқарды.

Осыдан кейін армияның негізгі күші Неман өзенінен үлкен шығынмен өтті, өйткені өзенде көпір жоқ, сондықтан соғыс техникаларының көбі өзеннен өтпей қалды.

Осындай шығынға ұшырағанына қарамастан дивизия бар күшін жинап Калинин облысының Виликие Луки қаласын ай бойы қорғап, ақырында өздері де қолға түсті. Алайда осы қоршаудан минеметі бар үш-ақ адам қоршаудан шықты. Кейін Москваға келіп барып, Горький қаласы маңында қосымша полкке жіберілді.

Ал қалған тобын 1942 жылы мамырында түстік – батыс майданы Украина, Харьков қалалары маңындағы армия шегіне жіберді. Онда ол 169 атқыштар дивизиясының 434 полкіне минемет көздеушісі боп орналасты.

Бұл жердегі қорғаныс шетін Неміс әскерлері үлкен басымдылық күшпен ойсырата жеңіп, олар шегінуге мәжбүр болды. Кейін әскер қатарын қайта толықтыру мақсатымен оларды Еділдің бергі бетіне өткізді. Олардың дивизиясы тамыз – қыркүйек айында Астархань облысының Харабали ауданына орналастырды.

Кейін қыркүйектің екінші жартысында №434 және №580 полк жауынгерлерін Сталинград майданына жаяу аттандырып, №556 полкті эшелонмен Астрахан – Москва жолымен Сталинградқа аттандырды, бірақ бұл полк Верблютья станциясы маңында жау самолеттері шабуылына ұшырап, түгелдей қаза тапты.

Осы 1942 жылы қыркүйектің 18–20–да олардың 169 атқыштар дивизиясын толықтырып, Сталинградтың түстік жағындағы армиялар қатарына орналастырды. Осы жерде қарашаның 19-да олар Сталинградты қоршаған жау әскерінің негізгі армиясы орналасқан Қалаш қаласына шабуыл жасады, шабуыл нәтижесінде жауды жеңіп, 1943 жылы 10 қаңтарында қолға түскен жау әскерлері мен техникаларын түгелдей құртуға бұйрық алдық.

Ал осы жылы ақпанның 2-де жаудың 1000-н жауынгері 24 дивизия фельдмаршалы Паульс тізе бүгіп, Сталинград майданы түгелдей жойылды.

Осыдан кейін оларды Курс – Брянск Бағытына жіберді. Осы майданда мен бомба жарылысынан басымнан қатты зақым алып, Тулада госпитальда болды. 1943 жылдық шілдесінде Отан соғысының 3 топтағы мүгедегі боп Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Свердлов ауылына оралды.

Батырғалиев Рақыш Сұлтанұлы **(1916 жылы туған)**



Батырғалиев Рақыш Сұлтанұлы 1916 жылы 1 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданындағы Ақоба аулында дүниеге келеді. 1939 жылы әскер қатарына алынады. Содан 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Жас жігіт елмен қатар соғысқа аттанады. Елімізді бүйірден келіп түйген жаумен 1945 жылға дейін ақтық демі қалғанша соғысады. Рақыш ағайға елмен, бауырларымен кездесуге дәм жазып, соғыстан аман-есен оралады.

1946 жылы ақпан айында жұбайы Айтқаным екеуі отау тігеді. Батырғалиевтер отбасында 7 бала дүниеге келеді. Соның 5- еуі ұл, 2- еуі қыз бала тәрибелеп өсірген әке.

Соғыстан келгеннен кейін, 1947 жылы Орал қаласындағы мұғалімдер институтына жаратылыс және жағрафия пәні бойынша оқуға түседі. Оны 1953 жылы аяқтап шығады Содан 7 жылдай өзінің туған ауылы Ақобада мұғалім болып қызмет етеді. 1949 жылы партияға мүше болады.

1963 жылдың 3 тамызында Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің бұйрығымен Жақсыбай орта мектебіне химия, биология, география пәндері мұғалімі болып келеді. 1976 жылға дейін Жақсыбай орта мектебінде зейнеткерлікке шыққанша қызмет етеді. Ұстаздық қызметі де елеусіз қалмайды. Рақыш ағай 1979 жылы Облыстық құрмет қағазымен марапатталады.

Әскерде жүрген кезінде 1942-1944 жылдары кавказ түбінде жаумен шайқасады. Содан 1944 жылы 8 қазанда қайтпас қайсарлығы үшін «За Оборону Кавказа» медальмен марапатталады.

1946 жылы 16 желтоқсанда «Қызыл жұлдыз» медалын кеудесіне тағады. 1995 жылы Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков медалімен де марапатталды. Одан кейін де көптеген медальдарды ардагер – ұстаз кеудесіне таққан болатын. Ал, 1976 жылы «Ветеран труда» медальмен марапатталып, құрметті демалысқа шығып, немере- шөберелердің ортасында болды.

1999 жылы ауыр науқастан елін, жерін сүйіп, Отан үшін жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша соғысып, еліне аман- есен оралып, балаларды білім нәрімен сусындатқан ардагер- ұстазды сұм ажал ортамыздан ерте алып кетті. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді»- дегендей, Рақыш ағай бүгінде ортамызда жоқ болғанмен, одан тараған ұрпағы біздің ортамызда. Немер- шөберелері аталарын мақтан етеді.

Ардагер – ұстаздың естелігінен: «Украина, Чехословакия, Кавказ майдандарындағы ұрыстардан естелік»

«1941 жылы 22 маусымда таңғы тыныштықты бұзып, германия Кеңес еліне қарсы соғыс ашты. Осы кезде мен Батыс Украина жеріндегі Станислав деген қалада қызмет атқарып жаттым. 23 маусым күні неміс самолеттері қаланы бомбалап, танкілері мен жаяу әскерлері оқ жаудырып, қаланы алуға ұмтылды. Қолма- қол ұрыс батсалды. Бірақ жаудың күші басым болып, біздің әскерлер төтеп бере алмады. Менің жолдастарым Земешляев, Смирнов деген жауынгерлер оққа ұшты, қаланың батыс жағында 1 км жерде биік дөң бар еді, сол дөң үстінде қазылған окоп болды. Бұл біздің әскерлердің қорғаныс шебі болды. Біздер қала шетіндегі басқару пунктінен осы окопқа байланыс телефон сымын орнаттық.

Бір мезетте осы байланыс үзіліп, бізге осы ақауды тауып, жалғауға бұйрық берілді. Дөңге жақындап қалған кезімде немістің 3 танкісі атып келе жатты. Біздің қасымыздан снаряд жарылып, Смирновтың жауырынына жарқыншақ тиіп жараланды да, мерт болды. Екеуміз ғана қалдық. Еңбектей отырып, байланысты қалпына келтіріп, окопқа жеттік.

1941 жылдың күзінде Украинада, Донбасстағы ұрыстарда болдым.

1942 жылы шілдеде Ростов маңындағы соғыста, 1942 жылдың күзінен 1943 жылдың күзіне дейін Солтүстік Кавказ майданында 18 армия қатарында соғыстым. Сол жылы Қырым майданында немістер темір бетоннан құйылған дот, дзоттар жасаған, осында Власов әскері болды. Оны алу өте қиынға соқты. 5 ай бойына соғыстық. Бомбы мен артелерияны, катюшаны атқылағаннан күн қара түнек болып тұрды. Крымск түбіндегі бір шайқаста 25 ақпан күні мен алдыңғы шепте едім. Бір мезетте байланыс үзіліп қалды. Командир взводы Кульшев солдат Кудрявцев пен маған бұйрық берді. Біздер байланысты жалғап жатқанымызды немістер көріп қойды да, оқ жаудырды. Кудрявцев деген жолдасыма басынан жарқыншақ тиіп, қаза болды. Мен 2-3 жүз метр жердегі окопқа барып, бас паналадым. Байланысты жалғадық.

1943 жылы 56 әскер таман түбегі мен Керчті алды. Бұдан кейін 4-ші Украин фронтында болып, Польшаны, Чехославакияны азат еттік. Одан кейін Шығыс Пруссия, Германия жерінде болдық. Соғыс аяқталды».

Шарафутдинов Тұяқ (1921-2003)



Шарафутдинов Тұяқ 1921 жылы 17 қаңтар күні Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданы, Ақоба ауылында дүниеге келген.

1940 жылы қазіргі Жәнібек ауданыдағы Тайыр Жароков атындағы орта мектепті үздік бағаға бітіріп шығады. Сол жылы Орал қаласындағы мұғалімдер даярлайтын педагогикалық институтқа оқуға қабылданады.

1942 жылы қызу жүріп жатқан қанды майданға Қызыл әскер қатарына шақырылады. Терістік Батыс майданда соғысқа қатысқан. 1943-1945 жылдың 9 мамырына дейін І Украина майданында болған. Ұлы отан соғысы кезінде көрсеткен ерлігі үшін Даңқ орденімен марапатталған.

Соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылдың 30 маусымында елге аман – есен оралады.

Жолдасы Тамара апай екеуі ұстаздық қызметте көп жылдар жұмыс жасады. Өмірге жеті сәби әкеліп, ұлын ұяға қызын қияға қондырған, елге үлгілі отбасы болды. Олардан қазіргі таңда он немере-жиен тараған. Төрт немере ата жолын қуып, ұстаз болып қызмет етеді.

Елге оралған Тұяқ аға қарап жатпады. Өз оқыған мамандығы бойынша (физика пәні мұғалімі) балалар дәріс бере бастады. Жәнібек ауданында, Ақоба ауылында математика пәнінің мұғалімі болып қызмет істеді. Кейіннен сол мектептерде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директорлығына дейін көтерілді.

Одан кейінгі жұмыс жолын қазіргі М.Б.Ықсанов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп- балабақшада математика пәнінен дәріс береді.

Ұстаздық жолында да бірнеше аудандық, облыстық мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі деген атақ берілді.

ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫ

Исмагулов Ғабдырахим (1923-1983)

Исмагулов Ғабдырахим 1923 жылы Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданы Шалқар ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Саратов қаласының педагогика университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Оны денсаулығына байланысты жалғастыра алмай. Орал педагогикалық

институтына ауысып, сырттай оқиды. Шалқар жеті жылдық мектебінде жұмыс жасайды.

1941 жылы Мәскеуді қорғау шайқасына қатысады. 1943 жылы жау тылына Белоруссияға жіберіліп партизандық отряд құрамында болып, Кутузов атындағы партизандар бригадасына басшылық етеді. Белоруссияны жау тылынан азат еткеннен кейін, Совет Армиясына қайта қосылып, Прибалтика бірінші құрамында, Белоруссияның II, III фронтына қатысады. Варшаваны қорғауға, Шығыс Прессия мен Германия ұрыстарына қатысып, жеңіспен аяқтап, Жапон соғысына аттанады. Елге 1947 жылы оралады. Чапай ауданында мұғалім болып жұмыс жасайды.

1956 жылы жолдамамен Қалдығайты орта мектебіне жіберіледі. Қалдығайты орта мектебінде ұзақ жылдар бойы еңбек етті. «Қазақ СССР-нің оқу ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Екі рет «За оборону Москву», «За Победу над Японией» т.б. көптеген медальдармен наградталған.

Әміреев Рашит (1924-2003)

Әміреев Рашит 1924 жылы Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жетікөл ауылында дүниеге келген. 1932-1942 жылдар аралығында Бұлдырты орта мектебінде оқыған. 1942-1943 жылдарла Орал қаласына Ленинградтан келген әскери байланыс училищесінің курсанты. 1943 жылы Ұлы Отан соғысы қатарына алынады. 4-ші инженерлік-саппер бригадасы құрамында болып, Беларус майданын азат етеді. 1945 жылы елге оралады. Сол жылдары Орал мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, тарих пәні мұғалімі мамандығын алып шығады. Жымпиты, Бұлдырты, Аралтөбе, Тасқұдық орта мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1955-1957 жылдары Жымпиты атқару комитетінің жауапты хатшысы. 1957-1959 жылдары Жымпиты аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі. 1959-1970 жылдары Алғабас, Жігерлен, Калинин, Қалдығайты орта мектептерінің директоры болды. 1970-1986 жылдары Правда орта мектебінде мұғалім болды. Соғыстағы ерлігіне орай, Қызыл Жұлдыз, Ерлігі үшін, Жауынгерлік ерлігі үшін, Кенигсбергті алғаны үшін, Германияны жеңгені үшін медальдарымен марапатталды.

Сарсенғожин Зейнолла (1914-1999)

Сарсенғожин Зейнолла 1914 жылы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, «ҚазССР – не еңбегі сіңген мұғалім» құрметті атағына ие болған ұстаз.

1932 жылы Жақсыбай бастауыш мектебін, 1936 жылы Орал педагогикалық техникумын бітірген. Еңбек жолын 1938 жылы Қаратөбе орта мектебінде мұғалім болып бастаған. 1940 жылы Орал қаласындағы оқытушылар институтына түседі, сол жылы 34 атты әскер дивизиясына армияға алынып, соғысқа қатысып, Орел Белоцерков бағытындағы соғыста 3 рет жаралы болған. 1943 жылы ауыр жарақат алып елге оралып, мұғалімдік қызметін жалғаған. 1950 жылы пединститутты аяқтап, 1951- 1960 жылдары аудандық ағарту бөлімінде мектеп инспекторы, 1974 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Мұхит орта мектебінде ұстаздық етеді.

«І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені және бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. 1958 жылы «ҚазССР – не еңбегі сіңген мұғалім» құрметті атағына ие болған.

Абдрахманов Сагидулла (1918 жылы туған)

Абдрахманов Сагидулла 1 наурыз 1918 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Саралжын селосында дүниеге келген. Жалпы педагогикалық өтілі-34 жыл. 1939-42 жылдар аралығында Қаракөл ұжымдық мектебі мұғалім қызметі, 1942-45 жылдарда ҰОС қатысқан жауынгер. Ленинград қаласын қорғауға қатысты, Сталиннің қолынан марапат алған. Соңғы шайқастарда командирі қатты жараланып, ұрыс даласында басшылық еткен. Майдан даласында қатты жараланып бір қолынан айырылған. Дәл қасына мина түсіп, есінен айрылған атамыз, госпиталда есін жиған. 1945 жылдың қыркүйегінде елге оралған. 1945 жылы тамыз айынан бастап бала тәрбиелеу жұмысын қайта бастады. 1945 жылы қыркүйек айында Қаракөл 7 жылдық мектебінде мұғалім, 1946 жылы маусым айында Қаракөл бастауыш мектебінде директор, 1948 жылы Қаракөл 7 жылдық мектебінде директор, 1948 жылы қыркүйек Қаракөл 7 жылдық мектебінде директор, 1949 жылы тамыз айында Қарақоға 7 жылдық мектебінде директор, 1951 жылы желтоқсан айында Қаратөбе орта мектебінің директоры қызметін атқарған.

Наградалары: "За победу над германией в великой отечественной войне 1941-1945 г" Нк 0313375, 20 лет победы в Вел.От войне "БН1588446", 60 лет Вооруженных сил СССР, За долестный друд, "40 ле победы в Вел.От войне", "30 лет победы в Вел.От войне", "70 лет вооруженных сил СССР", "50 лет вооруженных сил СССР", "Ветеран труда" 22 апрель, 1675г. членский билет.

Ғилманов Зулпар
(1920-1994)

Ғилманов Зулпар 1921 жылдың 20 сәуірінде Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Жалпы педагогикалық өтілімі - 32 жыл. 1946 жылы Коммунистік партиясына қабылданды. 1948-1959 жылдары Орал педагогикалық институтының физика математика факультетін сырттай оқу бөлімін бітірген. 1963-1965 жылдары Қаракөл, Егіндікөл ауылында мектеп директоры боп қызмет еткен. Соғыс кезінде ауылда тылда еңбек еткен.

Наградалары: 1947 жылы "Жарыс жеңімпазы" белгісімен, 1954 жылы "Үздік еңбегі үшін" медалімен, 1970 жылы "Лениннің туғанына 10 жыл қарсаңындағы еңбегі үшін" медалімен, 1977 жылы "Қаз ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері".

Қасымов Сабыр
(1912-1986)

Қасымов Сабыр 1912 жылы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Жалпы педагогикалық өтілімі 40 жыл. Қаратөбе орта мектебі пионер вожатый және бастауыш сынып мұғалімі, 1945 жылдың 25 қыркүйегінде Егіндікөл орта мектебі оқытушы және меңгеруші қызметін атқарды. Фашистердің қоршауында қалаған Ленинград қаласын азат етуге және Тронау, Кенисберг қалаларын алуға қатысқан. Ұрыс даласында екі рет жараланған.

Сатов Жұмағали Үмбетұлы
(1916 жылы туған)

Сатов Жұмағали Үмбетұлы 1916 жылдың 15 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. 1938-1939 жылдарда Алматы облысы Шу ауданы, Шу ұлттық орта мектебінде мұғалім болып қызмет етті. 1939 жылы қыркүйек-желтоқсан айларында Алматы қаласы, педагогика институтында оқыды. 1942 жылға дейін Қаратөбе аудандық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқарды. 1942-1943 қыркүйекке дейін Қаратөбе ауданының Ворошилов атындағы жеті жылдық мектебінде директор және оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1952-1953 жылдарда жетіжылдық мектепте мұғалім болды. 1953-57 жылдар аралығында Социализм жеті жылдық мектебінде, 1959-1963 жылдар аралығында Жымпиты ауданы Ворошилов (интерноционал) жетіжылдық мектебінде директорлық жұмыс атқарды. 1964-1969 жылдарда Саралжын орта мектебінде мұғалім, 1959 жылы КПСС мүшесі.

Әкімшілік тарапынан ешқандай ескерту алған жоқ. Бірнеше рет жергілікті кеңестің депутаты. Наградалары: "Ерен еңбегі үшін" медалымен марапатталады.

Жамаев Ғабдол Сақыпұлы
(1921 жылы туған)

Жамаев Ғабдол Сақыпұлы 1921 жылдың 8 наурыз күні Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. 40 Пушкин атындағы пединститутын 2 жыл курсы тәмамдады. 1947-1955 жылдары Аққозы мектебінде мұғалім, 1955 жылы Қоскөл мектебінде тарих, қоғамтану пәні мұғалімі, 1958 жылы Аққозы мектебінде партия комитетінің мүшесі, 1960-1965 жылдары Қалдығайты мектебінде мұғалім, директор, 1965-1981 жылдар аралығында Егіндікөл мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін кітапханада жұмыс жасайды. Армияға бармаған, Ата-анасы қуғынға ұшырап, Орынборда балалар үйінде болған. Немере ағасы шаталып кеткен, Ворошиловте туысқандарының қолында тәрбиеленіп, 14-15 жасында қашып келген. 1941-1945 жылдар аралығында соғыста болып, жараланып, 5-6 жыл госпиталда жатып, ауылға ақсақ келген. Вудапеште болған. Наградалары: 1942 жылы "Еңбек ордені", 1944 жылы "Ерен еңбегі үшін".

Сақыпов Әділ
(1921 жылы туған)

Сақыпов Әділ 1921 жылы 10 ақпанда Гурьев облысы Қызылқоға ауданы №12 ауыл советінде шаруалар отбасында дүниеге келген. 1941-1942 жылдары тамыз айына дейін Қаратөбе аудандық комсомол комитетінде есеп бөлімі нұсқаушысы аудандық комсомол комитетінің І хатшысы қызметін атқарған. 1942-1945 жылдары желтоқсан айлары аралығында Совет Армиясы қатарында болып, ҰОС-на қатысқан. 1945 жылдың желтоқсана айынан бастап, 1953 жылға дейін Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық партия комитетінде нұсқаушы бөлім бастығы қызметін атқарған. 1953-1957 жылдар аралығында Қаратөбе ауданы, Сталин жол колхозында Партия ұйымы хатшысы, 1957-1958 жылдары Қаратөбе ауданы, Қалдығайты совхозында директордың орынбасары, 1958-1960 жылдары Қапланбек совхоз техникумында студент, 1960-1966 жылдары Қаратөбе Қаракөл совхозында бас агроном. 1966-1969 жылдары Егіндікөл совхозында №2 Жігерлен фермасында ферма меңгерушісі, 1969-1981жж пенсияға шыққанға дейін Қаратөбе ауданы, Егіндікөл совхозында директордың орынбасары қызметін атқарды. Еділден Дунайға дейін,

Сталинградтан Будапештке дейін ерлік көрсеткен. Будапешт көшелерінде қолма-қол ұрыста үш неміс офицерін жойып, екі солдатын тұтқындап, барлауға шыққанда да шеберлік танытты. 12 дұшпан солдатын тұтқынға алып, 1942 жылы 10 тамыз 3-ші дәрежелі "Даңқ" ордені мен бірнеше медалдар тақты. 1942 жылдың 22 желтоқсанында Медаль оборону Сталинграда, 1945 жылдың 9 қарашасында Медаль за участие в боях при взятии г.Будапешта, 1945 жылы 9 мамырында -Медаль за участие Великой отечественной Войне 1941-1945 жылдары, 1945 жылы 6 маусымында Медал за само отв. Труд в тылу. 1956 жылы 20 қазанында Медаль за освоения целинных земель, 1967 жылы 25 мамырда Медаль 20 лет победе в Великой Отечественной Войне 1941-1945 г., 1967 жылы 26 шілдеде Медаль 50 лет Вооруженных сил СССР, 25.04.1975 жылы 25 сәуірде Медаль 30 лет победе в Великой Отечественной Войне 1941-1945 г.. марапатталады.

СЫРЫМ АУДАНЫ

Арыстанов Сатан (1915-1992)



Арыстанов Сатан 1915 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданында өмірге келген. 1938 жылы Орал қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтты бітірген. 1939 жылы Жымпиты орта мектебінде мұғалім болып қызмет істеп жүрген кезінде Кеңес Армиясы қатарына шақырылды. Ұлы Отан Соғысына бастан аяқ қатысты. «Александр Невский», «I дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Бейбіт өмірде халық ағарту саласында жұмыс жасады. 1955-1966 жылдары Аралтөбе орта мектебінде директор болды. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Ақсай қаласында С.Арыстановтың атында көше бар.

Бақтығалиев Шапет (1913-1969)



Бақтығалиев Шапет 1913 жылы Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданында дүниеге келген. 1933 жылы Астрахан педагогикалық техникумын бітіріп, Тайпақ ауданында мұғалім болып жұмыс жасаған. 1942 жылдың қыркүйек айында майданға алынған. 1942 жылдың қаңтарынан 1943 жылдың басына дейін атқыштар ротасы саяси бөлімі командирінің орынбасары

қызметін атқарған. 1943 жылдың сәуірінде Воронеж майданы сапында шайқасып жүріп аға лейтенант атағын алған. 1944-1945 жылдары атқыштар взводының командирі болады. 1946 жылы елге оралғаннан кейін Жымпиты орта мектебінде өмірден өткенше, алғашқы әскери даярлық және дене тәрбиесі пәнінен сабақ береді. Сұрапыл күндері көрсеткен ерлігі үшін орден, медальдармен марапатталған.

Есқалиев Рауф
(1916 жылы туған)

Есқалиев Рауф 1916 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданының Сарой ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1935 жылы Орал педагогикалық институтын бітіріп, сол жоғарғы оқу орнында 1938 жылға дейін оқытушы болып істеді. 1939 жылы Кеңес Армиясы қатарына алынып, 1950 жылға дейін әскери қызметте болды. Ұлы Отан соғысының ардагері. Елге келгеннен кейін Таскала, Жаңақала аудандарының мектептерінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп басшысы болып жасады. 1966-1969 жылдары Жымпиты орта мектебінің директоры қызметін атқарды. 1969 жылдан бастап 1976 жылы зейнеткерлікке шыққанша, аудан орталығындағы кешкі мектепті басқарды.

Жолдығұлов Өтеғали
(1916-1986)



Жолдығұлов Өтеғали 1916 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауылында дүниеге келді. 1936-1939 жылдары Бұлдырты орта мектебінде физика-математика пәнінің мұғалімі болып жасаған. 1941 жылы маусым айында майданға алынған. 81-ші атқыштар дивизиясының 1147-ші атқыштар полкі сапында соғысқан. 1943 жылы қарашада жараланып, емделген. 1944 жылдың наурыз айынан бастап әскери қызметін 28-ші атқыштар полкінде санинструктор болып жалғастырған. Майдангер ұстаз «Ерлігі үшін», КСРО Қарулы Күштерінің 50 жылдығы, Ұлы Жеңістің 20, 25, 30, 40 жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталған. 1986 жылы Жымпиты ауылында өмірден өтті.

Қобдабаев Жортабай (1921-1969)



Қобдабаев Жортабай 1921 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. 1941 жылы желтоқсан айында әскерге алынған. 1942 жылы маусым айында Алматы жаяу әскер училищесін бітіріп, 1345-ші атқыштар полкі сапында соғысқа аттанған. Брянск, II Белорусь майданы құрамында взвод, рота командирі болып шайқасқан. 1948 жылы капитан шенімен елге оралған. Бейбіт өмірде аудандық оқу бөлімінде инспектор, Жетікөл жеті жылдық мектебінде мұғалім, мектеп директоры болып жұмыс жасады. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. 1969 жылы өмірден өтті.

Өтешов Мырзахмет (1913-2014)



Өтешов Мырзахмет 1913 жылы Батыс Қазақстан облысында Жымпиты ауданында дүниеге келген. Орал педагогикалық институтының алғашқы түлектерінің бірі. Соғыстың алдында Атырау облысында мұғалім болып жұмыс жасаған. 1942 жылы наурыз айында майданға аттанды. Калинин майданы 360-шы атқыштар дивизиясы, 1197-шы атқыштар полкінде ротаның саяси жетекшісі болды. 1944 жылдың наурыз айынан Ленинград майданында 67-ші армияның 56-шы атқыштар дивизиясының 2013-ші атқыштар полкінде взвод командирі болды. 1945 жылы 25 маусымда Батыс Қазақстан облысында Жымпиты ауданына оралғаннан кейін ұстаздық қызметін жалғастырды. Жымпиты, Бұлдырты орта мектептері мен Жетікөл, Жамбыл негізгі мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет жасады. 1973 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Рамазанов Хаби **(1900 жылы туған)**



Рамазанов Хаби 1900 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданында дүниеге келген. 1920 жылы қысқа мерзімді мұғалімдер даярлайтын курсты бітіріп, Жаңақала, Фурманов, Чапаев аудандарының мектептерінде бастауыш сыныптың мұғалімі болады. 1937 жылы Орал педагогикалық институтының күндізгі бөлімін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. 1941 жылға дейін Жаңақала ауданының Жаңақазан орта мектебі мен Орал қаласындағы 4-ші үлгілік мектепте мұғалім болады. 1941 жылдың желтоқсаны мен 1942 жылдың тамызы аралығында Жымпиты орта мектебінің директоры қызметін атқарады. 1942 жылдың тамызында әскерге алынады. 1943 жылдың ақпанында саяси жетекшілер дайындайтын курсты бітіреді. Бұдан кейін Волхов майданында 364-ші атқыштар дивизиясының 1214-ші полкінде взвод командирі болып ұрысқа араласып, Ленинградты азат етуге қатысады. 1944 жылы тамыз айында жараланып, әскерден босатылады. Елге келген соң 1946 жылдың наурыз айына дейін аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болады. 1946 жылы Жымпиты орта мектебіне басшылық қызметке тағайындалады. Бұл жұмысты 1954 жылы денсаулығы сыр бергенше атқарады. 1956-1958 жылдары аудан орталығындағы балалар үйінің директоры болады. «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі», «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атақтарын иеленген.

Төлегұлов Балмағанбет **(1918-1988)**



Төлегұлов Балмағанбет 1918 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы, Бұлдырты ауылында дүниеге келген. 1939 жылы әскерге алынған. Брест қамалы маңында алғашқы ұрысқа қатысқан. 1941 жылы шілдеде ауыр жараланып, бірнеше ай емделген соң, әскерден босатылған. Содан соң Оралдағы мұғалімдер институтына түсіп, бітірген. Бұдан кейін мектепте мұғалім болып жасаған. Алайда, денсаулығы түзелгесін, 1945 жылы қаңтар айында өз

қалауымен қайтадан соғысқа аттанып, Вена қаласын азат етуге қатысады. Елге оралған соң білім беру саласында жемісті еңбек етті. Жымпиты орта мектебінде мұғалім, аудандық оқу бөлімінде инспектор, Аралтөбе, Алғабас орта мектептері мен Жамбыл негізгі мектебінде директор болып жұмыс жасады. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі белгісін иеленген. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Шайхиев Хамит
(1923-1993)



Шайхиев Хамит 1923 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. 1941 жылы фабрика-зауыт оқуын бітіріп, Жайық өзенінде кеме жүргізушісі болып жұмыс жасаған. 1942 жылы мамыр айында Орал қалалық әскери комиссариатынан майданға аттанған. Байланысшы-радиостер дайындайтын жедел курсты бітіріп, 314-ші дербес желілік байланысшылар ротасы сапында соғысқан. 1945 жылы қаңтар айында Польша жеріндегі ұрыста бір аяғынан айрылады. Елге оралғаннан кейін Бұлдырты кеңшарында түрлі жұмыстарды жасады. 1962-1980 жылдары орта мектепте еңбек пәнінің мұғалімі болды. I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Нұрғалиев Бақтығали
(1917-1996)



Нұрғалиев Бақтығали 1917 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. 1941 жылы әскер қатарына алынған. 1943 жылы Ленинград шайқасында жараланып, II топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралған. 1949-1977 жылдары Жымпиты орта мектебінде математика пәнінен мұғалім болып қызмет істеді. Ұлы Отан соғысының бірнеше орден, медальдарымен марапатталған.

ТАСҚАЛА АУДАНЫ

Қиматов Ғабит Садықұлы (1922-2014)



Қиматов Ғабит Садықұлы 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңқала ауданының №12 ауылдық кеңесіне қарасты ауылда дүниеге келген. 1944 жылы армия қатарына шақырылып, 1945 жылы қаңтар айынан бастап, соғысаяқталғанша үшінші Украина майданы құрамындағы 32-ші атқыштар дивизиясының 476- полкында қатардағы жауынгер болған. Пулемет расчетында пулеметші болған. “Ұлы Отан Соғысы” ордені, “Жауынгерлік ерлік үшін”, “Германияны жеңгені үшін” медальдарымен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдары Аяқ елді мекенінде мұғалім болып қызмет атқарған.

Сапышев Қанат Сапышұлы (1916-1993)



1916 жылы Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында дүниеге келген. 1939 жылы Совет Армиясына шақырылып, кейін Харьков әскери училищесін бітірген. 1943 жылы Севастопольдегі 240-шы авиаполкінде жауынгерлік қызметін атқарған. 1944 жылы “Қызыл Жұлдыз” орденімен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдарда ҚССР 40 жылдық мектебінде ұстаз болып қызмет атқарған.

Киреев Тулеген Сәлімұлы (1924-1982)



1924 жылы 5 наурызда Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында дүниеге келген. Педагогикалық училищені аяқтағаннан кейін бұрынғы “Красный Маяк” қазіргі “Ақтау ауылында” мектеп директоры қызметін атқарған. 1942 жылы “Қызыл Армия” қатарына аттанады. Төлеген Сәлімұлы Венгрияны азат етуге ат салысқан. Көптеген ордендермен және медальдармен марапатталған. 1948 жылы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласындағы Пединститутқа түседі.

Жоғарғы оқу орнын аяқтағаннан кейін, ҚССР 40 жылдығы атындағы мектепке

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып жүріп, мектеп директорын лауазымына дейін көтеріледі. Мектептегі жалпы еңбек өтілі 43 жылды құрайды. Ауыл балдарына “Шахмат” ойынын дамытуға ат салысқан.

Емелин Евгений Иосифович (1929-2009)



Емелин Евгений Иосифович родился 2 января 1929 г. в с.Калмыково Западно-Казахстанской области в большой многодетной семье медицинских работников. Во время Великой Отечественной войны он учился в Калмыковской средней школе и одновременно, как большинство мальчишек того нелегкого времени, помогал семье, работая в летний период разнорабочим в колхозе «Свободный путь». В 1945 году после окончания полного курса обучения в школе в 16 лет был направлен райкомом ЛКСМ на работу учителем начальных классов в Калмыковскую среднюю школу. В 1951 году закончил Уральский учительский институт по специальности учитель математики и физики и был направлен на работу в Джаныбекскую среднюю школу, а через год - в 1952 году приступил к работе учителем математики в Каменской СШ, в которой работал до 1993 года, проработав в школе в общей сложности 45 лет.

Работая учителем, Евгений Иосифович всегда отличался преданностью и самоотверженностью к учительскому труду, глубокой порядочностью и беспокойством за результаты своего труда и труда коллектива школы, неустанно в течение всей своей трудовой жизни учился всему новому. Евгений Иосифович неоднократно назначался методистом, внештатным инспектором РОНО, долгое время был руководителем ТМО учителей математики и физики Каменской средней школы. За плодотворную работу по обучению и воспитанию подрастающего поколения и активное участие в общественной жизни Евгений Иосифович многократно отмечался благодарностями администрации школы, родителей и общественных организаций, награждался республиканскими и районными Почетными грамотами, почетными знаками «Победитель социалистического соревнования», «Отличник народного просвещения Казахской ССР». За долголетний и добросовестный труд от имени Президиума Верховного Совета СССР был награжден медалью «Ветеран труда».

Турченко Александр Алексеевич (1923-1992)



Турченко Александр Алексеевич родился 23 мая 1923 г. в п.Жыткур Эльтонского района Волгоградской области. В 1936 г. В месте с родителями переехали на постоянное место жительства в п.Каменка Западно-Казахстанской области. Окончил Каменскую СШ, после окончания поступил учиться в Уральский Аэроклуб. Мечтал стать летчиком, но судьба распределилась по своему. В 1943 г. его направили на учебу во вторую Московскую Военную Авиационную школу. После окончания ее, он служил механиком по приборам самолетов. Училище окончил на «хорошо» и «отлично». В армии в 1947 г. Он окончил вечернее отделение дивизионной школы. После окончания войны в 1948 г. Он вернулся домой ЗКО и поступил работать в Каменской СШ, где проработал 35 лет. Работал преподавателем физической культуры и военного дела. Имеет много благодарностей от Министерства Просвещения. Во время войны награжден медалью «За боевые заслуги», награжден орденом Отечественной войны и еще несколькими медалями.

Шалқартегі Ихсан Шалқарұлы (1916 жылы туған)



ҰОС ардагері, КСРО Халық ағарту ісінің үздігі Шалқартегі Ихсан Шалқарұлы 44 жыл бойы өскелең ұрпақты төл тәрбиенің тал бесігінде тербеткен ұлғатты ұстаз Шалқартегі Ихсан Шалқарұлы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданына қарасты Қара Самар ауылында 1916 жылы қаңтардың 10 жұлдызында дүниеге келген. Ұстаздыққа ден қойған 17 жасар жігіт 6 айлық мұғалімдер курсына ойдағыдай тамамдап, 1933 жылы Чапаев ауданындағы Бірлестік ұжымдық шаруашылығындағы бастауыш мектепке меңгеруші болып тағайындалды. 1936-1941жылдары Ихсан Шалқарұлы Орал педучилищесінде сырттай оқи жүріп, Зеленов ауданындағы Ульянов жетіжылдық мектебінде жағрапия, табиғаттану, қазақ тілі пәндерінен дәріс береді. Ихсан Шалқарұлының зайыбы Даужанова Фарида Садырқызы мұғалімдердің Ұлы Отан соғысына аттануына байланысты оқу үздігі ретінде Шежін жеті жылдық мектебінде математика пәнінен сабақ беруге жолдама алып, еңбек ете жүріп, 1945-1946 жылдары Орал педагогикалық училищесін сырттай оқып бітірген

болатын. 1953-1954 жылдары Орал педагогикалық институтының физика математика факультетінің сырттай бөлімінде оқығанымен, жұмысына қоса күтімге зәру ата-ене, балалы отбасының тауқыметімен институтты аяқтамады. Бірақ Шипов орта мектебіндегі айтулы математика пәнінің мұғалімі болып, ерен еңбегі үшін «КССР-ы Халық Ағарту Ісінің үзідігі», «Еңбек ардагері» медальдарымен;

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында неміс басқыншыларына қарсы атылған снарядтарда коммунист Ихсан Шалқарұлының мыңдаған қолтаңбалары қалды, себебі ол кезде «Отан үшін! Сталин үшін! Біз жеңіске жетеміз!» деген жазуларсыз бір де бір снаряд жауға қарсы атылмайтын. Осы кезеңде Ихсан Шалқарұлы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалымен;

Шипов орта мектебіндегі айтулы жағрапия, қазақ тілі, әдебиет пәнінің мұғалімі болып, ерен еңбегі үшін «КССР-ы Халық Ағарту Ісінің үзідігі», «Еңбек ардагері» медальдарымен;

ҰОС жылдарында Ихсан Шалқарұлы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалымен;

ҰОС 30- жылдығына байланысты арнайы грамотамен марапатталды.

2006 жылы Ихсан Шалқарұлының 90 жылдық мерей тойына байланысты Мерей ауылында «Шалқартегі» көшесі ашылды.

2016 жылы Шалқартегі ұрпақтары әкелеріне арнайы ескертіш тақта орнатты.

Ержанов Есмұқан Ержанұлы (1913 жылы туған)



Ержанов Есмұқан Ержанұлы 1913 жылы Батыс Қазақстан облысы, Камен ауданының Шежін ауылында дүниеге келген. 1971 жылы қайтыс болды.

18 жасынан мұғалімдік мамандығын алып, мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарды. Ұлы Отан соғысы басталғанда ел қорғауға майданға аттанып, соғыс біткеннен кейін елді қайта қалпына келтіруге белсене қатысты. Е.Ержанов жас ұрпақтың, білімді, мәдениетті болып өсуі

үшін ұзақ жыл жемісті еңбек етті.

Қиын уақытта халық ағарту саласының қалыптасуына үлесін қосып, еңбектегі үлкен жетістіктері үшін Е.Ержанов Ленин орденімен, бірнеше медальдармен наградталды.

Ауданның халыққа білім берудегі бүгінгі жетістіктерінде ол кісінің де үлкен үлесі бар.

Еліміздің ертеңі-жас ұрпақты тәрбиелеу жолында ұзақ жыл еңбектеніп, азаматтық борышын адалдықпен ақтай білген құрметті ұстаз, ел қадірлісі Е.Ержанов «Ауданның құрметті азаматы» атағына ие болды.

Мамешев Өтешқали Бозбалаұлы (1921-2017)



Мамешев Өтешқали Бозбалаұлы 1921 жылдың 5-ші тамызында Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының 8-ші ауылында дүниеге келген. Сол ауылдағы мектептен 1-3 бастауыш сыныпты оқыған. Әрі қарай 4-7 сыныптық білімін Саратов облысының Александров-Гай станциясында жалғастырған.

1957-1964 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай оқып, бітірген.

1945 жылы соғыстан соң Казталовка ауданының Әжібай ауылына мұғалімдікке жіберілген.

1945-1950 жылдары Әжібайда мұғалімдік қызмет атқарған.

1946 жылы Сақыпжамал жарымен шаңырақ құрған. Жары Сақыпжамал мен бірге ғұмыр кешіп, 6 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген.

1950-1982 жылдары Шильная балка селосында бастауыш мектеп меңгерушісі болып қызмет еткен.

1981 жылы құрметті зейнеткерлік жасқа шыққан.

1982 жылдан бері осы Мерей ауылында тұрды.

Омаров Сисен (1918 жылы туған)



1918 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген.

1936 жылы орта білімді аяқтап, сол жылы Камен ауданында бастауыш мектепке мұғалім болып еңбек жолын бастайды.

1942 жылдың қазан айында әскер қатарына алынады. Ұлы

Отан соғысында қоршауда қалған Ленинград блокадасын азат етеді. 1945 жылы Ұлы Жеңісті Польша қаласының Варшава түбінде қарсы алып, елге аман-есен оралады. **1945 жылы** қараша айынан бастап мұғалімдік қызметін жалғастырады. **1955 жылы** Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультеті бойынша сырттай бөлімін тәмамдайды. Ұстаздық жолында 33 жыл еңбек етіп, **1978 жылы** құрметті еңбек демалысына шығады.

Сепетов Мақсат Иманғалиұлы
(1925-2001)



1925 жылы Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында дүниеге келген. Қатардағы артиллерия барлаушысы. 1943 жылы шілде айында қазақ жауынгерлерінің бір тобын Гороховецкий артиллериялық оқу лагеріне жіберіп, 324-ші армияның танкіге қарсы артиллерия атқыштар полкін құрастырды. Ауыр жараланып Полтава түбіндегі госпитальге түсті. Төрт ай бойы майдан дәрігері оны емдеп бақты. Әйтсе де, ол мүгедек болып, балдағын құшақтай келді. Ажалға қарсы тұра білген оған бейбіт өмірде мақсат тұтқан орны тұрды. 1946 жылы Орал педагогикалық училищесін, одан соң мұғалімдер институтын бітірді. Ұзақ жылда Ақтау орта мектебінде ұстаз болды, "Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері", сегіз баланың әкесі. 1985 жылы жеңістің 40-жылдығында Сепетов Мақсат Полтава жерінде болып, майдандас жолдастарымен кездесіп, өздері қан төккен жерге тағзым етіп қайтты.

Зайнуллин Мухмут Зайнуллиевич
(1916 жылы туған)



1916 жылы Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданында дүниеге келген. 1927 жылы Камен ауданы Ақтау ауылына көшіп келген, мектепте жақсы оқып, араб тілін жақсы меңгерген. 1934 жылы Орал қаласындағы педагогикалық училищеге түскен. 1938 жылы бітіріп Ақтау ауылындағы бастауыш мектебінде жұмыс жасаған. Орал педагогикалық институтының математика факультетін 1956 жылы сырттай оқып бітіріп педагогикалық қызметін мектепте жалғастырған. 1942 жылы Қызық Армия қатарына алынып, Южно-Уральский военный округте әскери дайындықта болған. Сол жерден майданға аттанған. Украина майданында соғысып, ұлы Жеңісті Прага қаласында қарсы

алған.1945 жылы бандера қарсы әскери шараларға қатысқан. 10 шы гвардейский дивизиянын минометтік взводтын командиры болған, әскери атағы кіші лейтенант. Соғыс кезіндегі ерлігі үшін “Ұлы Отан соғысының 2-дәрежедегі орденімен, “1941-1945 ардагері” төс белгісімен, “За Победу над Германией” орденімен марапатталған. Соғыстан 1946 жылы оралып, Ақтау мектебінде математика пәні мұғалімі болып қызмет еткен. 1976 жылы зейнетке шыққан.

Тұяшев Құрмаш Тұяшевич
(1916 жылы туған)



1916 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданында дүниеге келген. Камен ауданы Қосшы ауылына 1928 жылы көшіп келген. Алғашқы мұғалімдік қызметін Кулаково ауылында (Ақтау ауылдық округына қатысты) ауылдық мектебінде бастаған. 1938 жылы фин соғысына қатысып келген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға алынып, 1945 жылға дейін соғыста болған. 1945 жылы Япон соғысына қатысқан. Елге 1946 жылы оралады. Кулаково (Ақтау) мектебінде мұғалімдік жұмысын жалғастырады, мектеп директоры болып қызмет атқарады.

1954 жылы Орал педагогикалық институтының география-тарих факультетін бітірген. Өмір бойы Ақтау орта мектебінде жұмыс жасап, зейнетке шыққан Тұяшев Қ.Т. ”Отан соғысы” ордені, 1-және, 2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, 8 медальдарымен марапатталды.

Игіліков Әбу Тәліпович
(1910 жылы туған)



1910 жылы Батыс Қазақстан облысы Жанакала ауданында дүниеге келген. 1925 жылы Камен ауданы Қосшы ауылына көшіп келген. 1929 жылы қомсомол қатарына өткен. 1930 жылы орал қаласында мұғалімдік курсын аяқтаған. 1934 жылы мұғалімдік еңбегін Паник (Ақтау) бастауыш мектебінде бастаған Паник мектебінде Әбу Тәліпович алғашқы қазақ сыныбын ашып, жұмыстанған.

Ұлы Отан соғысына 1941 жылы аттанған. Смоленск түбінде соғысып, соғысты 1945 жылы Берлинде аяқтаған. 3 рет қатты жараланған. Соғыстан кейін Паник мектебінде жұмыс атқарған. Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков медалімен, “За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 “,”За взятие Берлина” медальдарымен марапатталған.

ТЕРЕКТІ АУДАНЫ

Нургалиев Оспан Нургалиевич (1915 г.)



Родился в 1915 году в селе Чапаево Чапаевского района Западно-Казахстанской области. В 1935 году окончил педагогическое училище в г. Уральске затем два курса Саратовского государственного университета. До призыва в Красную Армию, работал учителем, директором школы. В Красной Армии с 1939 года. С первых дней Великой Отечественной войны и до ее конца принимал участие в боевых действиях. Участвовал в боях 1 Украинского фронта, был командиром орудия 57 мм. Батареи 5-го гвардейского Краснознаменного ордена Кутузова Кавалерийского полка. Участвовал в боевых действиях по освобождению Австрии, Чехословакии, Венгрии. Оспан Нургалиев награжден орденами «Отечественной войны» 1 и 2 степени и шестью медалями. После войны работал бухгалтером РОНО, учителем ФСШ.

Мурзагалиев Балтабай Иманалиевич (1925 г.)



Родился 17 декабря 1925 года Чапаевского района Западно-Казахстанской области. В колхозе имени Чапаева. Окончил 10 классов Караобинской НСШ в 1940 году. В конце 1942 года был призван в ряды Красной Армии, попал в 11-й запасной полк на станции Тоцк. Был автоматчиком, потом попал в школу радиотелеграфистов в городе Тбилиси. С 1943 года был призван на фронт на Сандамирском плацдарме. Награды: орден Славы 3 степени, медали «За Победу над Германией», «За взятие Кенинсберга».

Клоченков Георгий Павлович (1921 г.)



Родился в 1921 году в с.Тайпак, Западно-Казахстанской область. Был призван в ряды

Красной Армии в 1940 году и служил до 4 ноября 1945 года стрелком бомбардировочного авиационного полка. В годы службы воевал на Брянском, Центральном, Белорусском фронтах, совершил 30 успешных выполненных боевых вылетов. Награжден орденами «Красное знамя», «Отечественной Войны 1 степени» и медалью «За боевые заслуги». С 1945 по 1951 год учился в Уральском государственном педагогическом институте на учителя истории.

С 1956 года назначен директором Фёдоровской средней школы.

Абдулов Ибат Абдулович (1925 г.)



Родился в 1925 году. Уроженец колхоза Манатау Октябрьского сельского совета Чапаевского района Западно-Казахстанской области. На фронт призван осенью 1944 года сначала служил в одной из части неподалеку от Оренбурга. Служил в пехотных войсках, по званию был старшим сержантом и командиром взвода противотанковых ружей. Здесь зимой 1944 года воинская часть сформировалась в 434 стрелковый полк 169 стрелковый Рогачевской КОСКД, участвовал при освобождении Польши и восточной Пруссии, во взятии Берлина. Был награжден медалями: «За отвагу», «За взятие Кенигсберга», «За взятие Берлина». После возвращения с фронта ветеран проработал всю жизнь учителем, а потом был 20 лет директором школы вс. Федоровке Теректинского района ЗКО. Воспитал 2 сыновей и 2 дочерей, является дедом 8 внуков и 12 правнуков. Сейчас проживает в городе Уральск.

ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫ

Ғабдуллин Ғабдреш
(1920 жылы туған)



1920 жылы Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының Ақоба ауылында дүниеге келген. 1938 жылы 8 класстық мектептен кейін, алты айлық педагогикалық курсты аяқтайды. 1938 жылы Шыңғырлау ауданы Правда орталау мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1939-40 жылдары Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің II курсын сырттай оқып бітіреді. 1939-40 жылдарда Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының Правда орта мектебінде директор болды. 1940-42 жылдар арасында Шыңғырлау аудандық РКЛСМ-де секретарь болып қызмет атқарды. Ауылда жүріп соғыстан қайтқан жаралыларды, аңыраған отбасын көріп қатты күйінеді. Қара қағаз алып жер бауырлап жылаған аналарды көріп жаны ышқынады. Басшылардың, сен ауылда да керексің, балаларымызға сабақты кім береді,-деген сөзіне құлақ аспай бірнеше рет әскери комиссариатқа барады. Бірнеше рет сұранған мұғалімді әскерилер өзінің арызы бойынша Ұлы Отан соғысы майданына аттандырады. Ол Солтүстік Батыс, Калинин, Прибалтика майдандарындағы ұрыстарға қатысқан. Ең ауыр шайқастардың бірінде бірнеше рет жараланған. Оншақты рет госпитальдарда жатып шыққан. Ең соңғы қатысқан ұрыста, бір аяғынан бір қолының саусақтарынан айырылып, бірнеше ай госпитальда жатып, соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылы маусым айында жарты дене, жарты мүшесін майдан даласында қалдырып, қос балдаққа сүйеніп, елге қайтады.

Соғыстан кейін мектепке қайта оралып, сабақ бере жүріп, балаларға өмірдің қадірін, соғыстың қасіретін айтып түсіндіріп отыратын. Ашық сабақтар өткізіп, әсіресе Жеңіс күніне арналған мерекелерде көзіне жас алып, ұзақ күрсінетін-ді.

1947 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Киров, Егіншілер, «Қазақстан ССР-ның» ұжымшарының бастауыш мектептерінде, Ново-Петровка, Жаңақүш орта мектептерінде мұғалім болып қызмет атқарды. Ғ.Ғабдуллин көптеген мемлекеттік орден (1944 жылы «Қызыл Жұлдыз» ордені), грамота, медальдарымен марапатталды.

Павлычев Павел
(1925 жылы туған)



Павлычев Павел 1925 жылы 28 қаңтарда Орынбор облысының Илек ауданы Затонное селосында дүниеге келген. Ново-Кузнецк қаласындағы әскери танкілік училищені бітірген. Соғысқа Сібірден шақырылған, десантшы, танкист болған. Жеңісті 1945 жылы 9 мамырда Германия қаласында қарсы алған. Соғыстан кейін Шилі мектебінде әскери жетекші, дене шынықтыру пәні мұғалімі болып жасаған. Қазақ ССР-нің ағарту ісінің үздігі, ССР ағарту ісінің үздігі. 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Совет Одағының Маршалы Г.К.Жуков» медалімен басқа да мерейтойлық наградалармен марапатталған.

Буренко Иван
(1922 г.)

Родился в 1922 году 25 марта. Жил в поселке Алмазное Западно-Казахстанской области. Отец был мастером мельничного дела. Кроме того у него была своя кузница. До войны семья жила в поселке Лебедевка. Так как в семье росло восьмеро детей, родители смогли снарядить в школу только Ивана. В Лебедёвке он закончил четыре класса. Пятый класс закончил в п. Лубенка. Шестой и седьмой класс закончил в Соль-Илецке, жил у дальних родственников. Именно здесь, как рассказывает Иван Ананьевич, он увлекся чтением художественной литературы. Прочитал все книги в библиотеке. После 7 класса 1936 году продолжил учебу в Чингирлауской школе ЗКО. Здесь он проучился 2 года. Отсюда его забрали в Армию. Служил в Узбекистане в городе Катты – Кургане. В 1941 году, когда началась война, он попал под город Воронж и находился здесь до января 1943 года. Победу встретил в Чехословакии, в звании старшего лейтенанта.

После войны закончил Уральской педучилище, до 1954 года жил и работал в Алмазном, Отрадном. В 1954 году приехал по призыву партии осваивать целинные земли. Его направили директором школы в Полтавку. Преподавал в школе уроки рисования, физики, истории. Проработал восемь лет директором школы. Закончил заочно исторический факультет Уральского пединститута. Долгое время работал заместителем директора по учебно-воспитательной работе. Иван Ананьевич неустанно трудился, выезжал с детьми на экскурсии, вёл археологические раскопки в песках Аккум. Занимался краеведческой работой, проводил все возможные химические опыты. В 1982 году Иван Ананьевич ушел на пенсию.

Дауленов Бекежан
(1913 жылы туған)



1913 жылы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Қызылкөл ауылында дүниеге келген. Туған ауылынан 7 кластық мектепті бітіріп, Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы Қазақ оқытушылар институтуна оқуға түсіп, 1938-1940 жылдар аралығында жаратылыстану мамандығы бойынша бітіріп шығады. Одан кейін 1940-1942 жылдар аралығында Қызылкөл мектебінде жұмыс жасайды. 1942 жылы майданға аттанып, өз бойындағы ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген. 1942 жылы рота политругінің орынбасары, кейін рота командирінің орынбасары болады. 1943 жылы далалық фронт рота командирінің саясат жағынан орынбасары, рота командирі, батальон командирінің орынбасары қызметтерін атқарады. 1944 жылы қатты жарақат алып, жеңісті күнді елде қарсы алады.

1945 жылы Правда мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1946 жылы Жаңатұрмыс мектебінде, 1949 жылы Жаңакүш мектебінде меңгеруші болып жұмыс жасайды. 1952 жылдан бастап 1976 жылға дейін Ново-Петровка ауылындағы орта мектепте химия-биология пәнінен сабақ беріп, Құрметті демалысқа шыққан.

1946 жылы Герман әсерін ҰОС жеңгені үшін ССР медалімен, 1958 жылы «Тың игергені үшін» медалімен, 1960 жылы Қазақ ССР халық ағарту ісінің «озық қызметшісі» значогымен, 1967 жылы «СССР Қарулы күштерінің 50 жылдығына», 1970 жылы «Лениннің туғанына 100 жыл» толуына орай мерекелік медалімен, 1976 жылы ерең еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Ұстаздық еңбегі үшін ең үлкен марапаты 1960 жылы «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алған.

Ергужиев Хибадулла Хамитұлы
(1917-1989)



1917 жылы 15 шілдеде Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының Сегізсай ауылынан 18-20 км қашықтықта орналасқан Сарысай деген жерде дүниеге келген. 1938 жылы Орал педагогикалық училищесінде оқуға түсіп, аяқтайды. Ең алғаш ұстаздық жолын Шыңғырлау ауданы Үлгілі ауылының бастауыш мектебінде бастаған. 1940 жылы қаңтар айының 20-да Қызыл әскер қатарына шақырылған. 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына

қатысып, Латвия жерін жаудан азат етеді. Беларусь майданында ерен ерлік көрсеткен. 1940 жылдың ақпанынан бастап 550 атқыштар полкінде минометчик, 1942 жылдың қаңтарынан бастап 215- атқыштар полкінде минометчик болады. 1942 жылы наурыз айынан бастап 17-атқыштар гвардиясы полкінің миномет ротасының старшина міндетін атқарады.

1942 жылы 5 ақпан күні қолынан, 1942 жылы 19 наурыз күні бетінен жарақат алған. 1944 жылы Кемерова қаласына жаяу әскер училищесіне оқуға жіберілген. 1945 жылдың 3 қыркүйегінде СССР бұйрығымен елге аман оралған. 1944 жылы «Красная Звезда», 1977 жылы «Еңбек ардагері», 1985 жылы «II дәрежелі ҰОС ардагері», «За отвагу» медальдарымен марапатталған. 1946-1947 жылы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының білім беру бөлімінің бұйрығымен Белогорауылында ұстаздық жолын жалғастырады. 1952-1975 ж.ж. Тіксай ауылында (қазіргі Торатбас) ұстаздық қызмет атқарады.

1975 жылы тамыз айында Сегізсай ауылына көшіп, осы жерде еңбек етті. 1977 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1958 жылы «Оқу Ағарту ісінің озық үздігі» атағы берілді.

Каукеев Ербол Марқабайұлы (1926 жылы туған)



1926 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданында дүниеге келген. 13 жасында ата-анасынан жетім қалып немере ағасы Каукеев Түлкібайдың қолында тәрбиеленген. Содан кейін Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданында алғаш ашылған балалар үйінде тәрбиеленді. Аудандағы Шилі орта мектебінен жеті кластық білім алып, Орал қаласында ағаш шебері, кеме құрастырушы училищесін бітіреді. 1944 жылы армия қатарына алынған. Свердловск қаласының қасында запастағы атқыштар полкінде әзірлікте болып, 1945 жылы соғыс аяқталған соң МВД әскерлерінің қатарында тұтқынға алынған немістерді күзетуде конвойный войскада Омск, Ульяновск, Саратов қалаларында 1946 жылға дейін болған. Сол жылы Отан алдындағы борышын адал орындап, елге оралғаннан кейін елдегі соғыс жылдарынан кейінгі ауыр өмірге араласып, партия қатарына өтіп, елдің тұрмыс жағдайын көтеруге көп еңбек сіңірген.

Лубен орта мектебінде алғашқыда дене шынықтыру пәнінен берген. 1957 жылы Ақтөбе қаласынан педагогикалық училищені бітіріп, ұзақ жыл бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарған. 1959 жылы Кіндікті ауылына партияның жолдауымен барып бастауыш мектебін ашып, сол жерде 1972 жылға

дейін ұстаз болады. 1973 жылдан бастап 1986 жылы зейнетке шыққанша Алмаз орта мектебінде ұстаз болған. Зейнет жасында болса да елдің қызметіне араласып, Алмаз карттарының басшысы, ұйымдастырушысы болады.

Жусупбеков Жагпар Исмагулович
(1925 жылы туған)



1925 жылы 11 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. 1943 жылдың 1 қаңтарында Кеңес армиясы қатарына шақырылып, 1943-1946 жылдар аралығында Орынбор облысында, Мәскеу облысында, Иваново облысында, Горький облысында (қазіргі Нижний Новгород) армияда қызмет еткен. Соғыс аяқталған кезде Горький қаласының маңында 1 гвардиялық бригадада болады. 1945 жылдың 5 қыркүйегінде «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.» медалімен марапатталған. 1946 жылдың күзінде денсаулығына байланысты армия қатарынан ауылға қайтарылған.

1952 жылы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының Қайыңды мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1953 жылы Ағатан мектебінде, 1953-1959 жылдары Тасмола орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарған. 1959-1962 жылдары Лубен мектебінің директоры, 1962-1963 жылдары Тасмола мектебінің директоры, 1963 жылдан бастап Тасмола мектебі директорының оқу ісі орынбасары қызметін атқарып, 1986 жылы зейнеткерлікке шыққан.

«XX лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945г.» медалімен, «XXX лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.» медалімен, «60 лет Вооруженных Сил СССР» медалімен, «40 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.» медалімен, «50 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.» медалімен, «1941-1945 жылдар Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерекелік медалімен, «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медалімен, 1970 жылы білім саласындағы үздік қызметі үшін КСРО Министрлігінің «Құрмет Грамотасымен», 1966 жылы Қазақ КСР Министрлігінің «Отличник народного просвещения Казахской ССР» Құрмет Грамотасымен марапатталған. 1985 жылы «Еңбек ардагері» атағын алады.

Ибраев Жоныс Ибраевич **(1917 жылы туған)**



1917 жылы 1 қарашада Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауылында дүниеге келген. 1934 жылы педагогикалық жұмысшылар факультетіне оқуға түсті. 1937 жылы жұмысшылар факультетін бітірген соң, Орал педагогикалық институтына оқуға түсті. 1938 жылы тіл және әдебиет факультетінің I курсын аяқтады. Жанұя жағдайына байланысты оқуын жалғастыра алмай, Қаратөбе аудандық білім беру бөлімінің бұйрығымен мұғалім болып жұмыс істеді. 1939 жылдың желтоқсан айында әскер қатарына шақырылды. Әскери қызметін Житомир облысында 146-атқыштар дивизиясының құрамында атқарды.

Соғыстың бірінші күнінен бастап соғысқа қатысып, Киевті қорғауға кезінде жараланған. 68-ші теңіз атқыштар бригадасының құрамында болып, Ростов, Батайск, Матвеев-Курган жерлерінде соғысқан. Қара теңіз арқылы Туапсеге жеткен. Туапсе үшін шайқаста ауыр жараланып, госпитальге түскен. 1943 жылы оны армия қатарына жарамсыз деп тауып, армия қатарынан босатты.

Соғыстан келгесін ауыл мектебінде мұғалім болып істеді. Қаратөбе аудандық білім беру бөлімінің бұйрығына сәйкес Жақсыбай жеті жылдық мектебіне оқу ісі меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Осы мектепте 1945 жылға дейін жұмыс істеп, 1945 жылы Шыңғырлау аудандық білім беру бөлімінің бұйрығына сәйкес Правда жеті жылдық мектебіне мұғалім болып тағайындалды. 1950 жылы Киров атындағы Шыңғырлау балалар үйінде тәрбиеші болып қызмет атқарды. 1951 жылдан бастап Ащысай жеті жылдық мектебінде, 1953 жылдан бастап Шоқтыбай бастауыш мектебінде мұғалім болды, кейін Жаңатұрмыс сегіз жылдық мектебінде оқу ісі меңгерушісі қызметін атқарды. Осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды. Көп жылдық педагогикалық еңбегі үшін бірнеше Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Жүсіпов Бапыш Жүсіпұлы **(1922 жылы туған)**



1922 жылы 1 қаңтарда Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Мектепті үздік бітіріп, Орал педагогикалық институтының 2-курсына қабылданған. 1942 жылы 4 қаңтарда Қызыл Армия қатарына алынды. 1942 жылы 11 шілдеде 193-дивизияның 895-атқыштар полкінің құрамында Ұлы Отан соғысына аттанды. Воронеж майданы мен Украина жерлеріндегі шайқастарға қатысқан. 1945 жылы 31 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданына елге оралып, 1947-1990 ж.ж. А.Тихоненко атындағы Лубен орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып, 1982 жылы 28 тамызда зейнет демалысына шықты.

1968 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне отыз жыл» медалімен, 1956 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, 1975 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне отыз жыл» медалімен, 1978 жылы «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл» медалімен, 1988 жылы «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» медалімен, 1995 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 50 жыл» медалімен, 1996 жылы «Маршал Жуков» медалімен, «КСРО Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Бекмагамбетов Елеу Бекмагамбетұлы **(1916-1996)**



1916 жылы 15 тамыз айында Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лубен ауылында дүниеге келген. Ата-анасы ерте қайтыс болған. Лубен мектебінде 3 кластық білім алып, кейін Қарашағанақтағы Жетім балаларды оқытуға бағытталған 7 жылдық мектепті аяқтаған. Ауылда МТС бухгалтер болып қызмет атқарған. 1941 жылы соғысқа кетіп, 459-атқыштар полкының 42-атқыштар дивизиясында болған. Ашық шайқастарға қатысып, 4 рет жараланған. Ауыр жарақат алып, жазылған соң кіші комсоставтың қатарында соғысқа кетіп баратқандар үшін әскери дайындық жүргізген фронтқа жақын жерде 3 ай оқып, кейін сұранып қайтадан соғысқа оралған. Елге қайтарда II дәрежелі

мүгедектігін берген құжатпен келді. Мемлекеттік «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен наградталған.

Лейтенант Бекмағамбетов соғыстан кейін 1945 жылы тамыз айында Челябинск қаласына военкомат арқылы шақырылып жас жауынгерлерге әскери дайындық жүргізген. Кейін Лубен ауылына келіп, мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. Сонымен қатар Орал қаласында екі кластық білім алып, бастауыш класс мұғалімі болып қызмет атқарды.

Тыныштыбай Нигметович Раймкулов (1921-1980)



Родился 7 ноября 1921 года в ауле Егиндыколь Каратюбинского района Западно-Казахстанской области. В 1935 году закончил 7 классов казахский школы, в 1936 поступил в Уральский учительский институт имени А.С.Пушкина.

В конце 1939 года был призван в Красную Армию. Был определен в кавалерию Забайкальского Военного округа, но впоследствии переведен в артиллерийский полк. В предвоенные годы войска округа участвовали в разгроме китайско-маньчжурских и японских милитаристов, пытавшихся вторгнуться в пределы СССР и Монголии. С октября 1940 г. по август 1941 г. служил в 92-ом отделе артиллерийской дивизии Забайкальского Военного округа. Затем окончил курсы младших лейтенантов и до марта 1942 года был разведчиком Забайкальского ВО. С марта 1942 года по июль 1946 года Т.Раймкулов был командиром огневого взвода артиллерийского дивизиона 61 мотострелкового полка Забайкальского фронта. Приказом 61 танковой дивизии от имени Президума Верховного Совета Союза ССР за образцовое выполнение заданий командования на фронте борьбы с японцами и проявленные при этом доблесть и мужество награжден орденом «Красной Звезды».

Также был награжден медалями «За отвагу», «За боевые заслуги», «За победу над Японией».

В 1946 году Тыныштыбай Нигметович Раймкулов пришел с войны и был назначен директором и преподавателем Ново-Петровской СОШ Чингирлауского района. В 1949 году открыл Ащесайскую начальную школу (4-летка) и стал директором школы.

В 1949 году он вновь поступил в Уральский государственный учительский институт имени А.С.Пушкина на специальность учитель истории и закончил обучение в 1952 году.

Ащесайская начальная школа была преобразована в 7-летку. До 1967 года. Т.Раймкулов был директором школы и учителем физкультуры и истории.

В 1967 году, при его непосредственном участии, была построена новая школа в п.Ащесай и открыта средняя школа 10-летка. Райкулов Тыныштыбай стал директором и преподавал историю.

В 1968 году по состоянию здоровья Т.Раймкулов ушел с поста директора школы, остался в школе в качестве преподавателя истории и заместителем директора по воспитательной работе.

Шотаев Назарбек Ғалиұлы (1912 жылы туған)



1912 жылы 12 шілдеде Орынбор облысының Ақбұлақ ауданына қарасты Құрабұлақ колхозында дүниеге келген. Білімге құштар жас ес жинап, етек жинағаннан соң Ақбұлақ ауданындағы педагогикалық училищенің тарих факультетін тәмамдап алады. Арнайы білімі бар мамандарға сұраныс күшейіп тұрған тұста Назарбек Цвиллингідегі бастауыш сыныпта мұғалім болып қызмет атқарады. Өзін білікті де іскер жас ретінде көрсете алған ол жыл өтпей жатып мектеп директорының орынбасары қызметіне тағайындалыпты.

Ел басына ауыр күн туғанда Назарбек те жауға деген өшпенділігі қайнап, қолыма қару ұстасам деген ойдың жетегінде жүрген көптің бірі еді. Ол 1941 жылдың 13 тамызында әскерге алынады. Бірақ бірден майдан даласына жіберілмей, Татар ССР-дегі Елабуга қаласындағы әскери округте кіші саяси жетекшілерді дайындайтын алты айлық курста оқиды. Оқуды тәмамдаған соң, алғашқы шайқаста Карель майданында 289-атқыштар дивизиясының 1044-ші атқыштар полкінің құрамында миномет ротасының саяси жетекшісі ретінде қатысады. Осы майданда осы құрамда ол рота командирінің саяси бөлім жөніндегі орынбасары болады. Қайта даярлау курсынан өтіп келген Н.Шотаев Ленинград, Карель және Прибалтика майдандарында ұрыс алған 280-ші минометті полктін 36-шы минометтік бригадасында минометті дивизияның саяси жетекшісі ретінде қатысады.

Майданнан кейін Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының Правда сегіз жылдық мектебінде мұғалім және Қызылкөл совхозында №3 бөлімшенің меңгерушісі жұмыстарын атқарады.

Соғыс ардагері неміс басқыншыларымен болған шайқастарда көрсеткен көзсіз ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен және «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады.

**Абаков Махмет
(1914 жылы туған)**



1914 жылы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақши ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. Ақши ауылында төрт жылдық бастауыш мектептен білім алған. 1930-1932 жылдары еліміз ашаршылықтың тауқыметін бастан кешеді. Сол жылдары совет үкіметінің сауатсыздықты жою туралы қаулысы шығып, 45-50 жас шамасындағы аға-жеңгелеріне курс ашып, сабақ берген. Білімнің болашақтағы қажет екенін түсінген жас жігіт қасындағы Қожахметов Қайырқожа, Қазтуғанов Жантілес деген жолдастарымен бірге ауылынан қашып шығып, білім іздеп, жаяулап-жалпылап, арып-ашып, Елек өзенінен өтіп, Орынбор облысындағы Елек поселкасындағы жеті жылдық мектепке құжаттарын тапсырған. Соғыстың алдында 7-ші класта оқып жүрген. 1938-1940 жылдары соғыс қаупі шыға бастағасын құжаттарын алмастан елге оралады. 1941 жылдың жаз айында әскер қатарына алынып, Тәжікістандағы резервті полкте әскери қызметін атқарған. 1944 жылы аяғынан жарақаттанып 10-15 күнге елге келіп кеткен. 1945 жылы соғыста аға-лейтенант шенінде бітіріп қайтады. Жауынгерлік ерлігі үшін 1943 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін» «Жеңістің 20-30 жылдығы» мерекелік медальдармен марапатталған. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданына туған жеріне оралып келгеннен кейін ұстаздық мамандығы бойынша қызметін жалғастырады. 1945-1948 жылдары Қуағаш 7 жылдық мектебінің директоры болған. 1951-1955 жылдары Орал қаласындағы педучилищені сырттай бітіріп алып, 1949 жылдан Ақши бастауыш мектебінің директоры, әрі оқытушысы болып қызмет атқарған. Жас ұрпақты тәрбиелеуде зор еңбек сіңіріп, бір орында отыз бір жыл ұстаздық қызметінен зейнет демалысына шығады. «Қазақ ССР-інің білім ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

ОРАЛ ҚАЛАСЫ

Кувшинов Иван Григорьевич (1919 г.)



Кувшинов Иван Григорьевич (25.11.1919 года рождения) зимой 1941-1942 гг. воевал в 124 лыжном батальоне Западного фронта. В феврале получил ранение. После госпиталя был отправлен в стрелковый пулеметный батальон. А также воевал во 2-ой красноармейской танковой бригаде Западного фронта. С фронта был направлен в танковое училище, потом второе Киевское училище. После училища был распределен в самоходный артиллерийский полк резерва главного командования первого Украинского фронта.

В марте 1943 г. Иван Григорьевич был тяжело ранен и находился в госпитале. В ноябре 1943г. служил в составе бронетанковых механизированных войск Красной Армии г. Москвы.

В августе 1946г. уволен в отставку по инвалидности и был отправлен в Западно-Казахстанской области. Приехав домой, Иван Григорьевич, устроился председателем городского совета по физической культуре. А также работал учителем математики в СШ№ 3 и отсюда ушел на пенсию.

Награжден: орденами «Отечественной войны» 1и 2 степени, имеет медаль «За Победу над Германией».